

ҚАЗАҚ АЙТЫСЫНДАҒЫ «ДІН» ДИСКУРСЫ: ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ РЕТТЕУДІҢ МӘДЕНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

¹А.Ш. Жұбанышов, ¹С.М. Каупенбаева, ²Ж.Қ.Мадалиева, ¹Д.Б.Жаркимбаева

АНДАТПА

Бұл мақала қазақ айтысындағы «дін» дискурсын қоғамдық сананы реттеудің мәдени-философиялық негізі ретінде қарастыруға арналған. Көне айтыстар мен қазіргі айтыс мәтіндерінде дін тақырыбы діни жұмбақ, шариғи сұрақ-жауап, Құран аяттары мен хадистерге сүйенген уәждер, сондай-ақ имандылық пен адамгершілікке үндейтін уағыз-насихаттық шумақтар арқылы көрініс табатыны айқындалады. Діни айтыс, діни жұмбақтар мен айтыстың идеологиялық қызметі туралы еңбектер болғанымен, «дін» дискурсының дәл осы айтыс өлеңдері арқылы «дұрыс-бұрыс», «халал-харам» шекараларын белгілеу арқылы қоғамдық сананы қалай реттейтіні жүйелі түрде талданбаған. Осындай олқылықты толтыру мақсатында мақалада Шөже-Кемпірбай, Қабылиса-Таутан, Жүсіпбекқожа-Уәзипа айтыстары мен тәуелсіздік кезеңіндегі бірқатар айтыс мәтіндеріне мәтіндік, дискурстық және герменевтикалық талдау жүргізіледі. Әртүрлі айтыстардан алынған шумақтарға контент-талдау жасалады, сондай-ақ он айтыскер ақынмен тереңдетілген сұхбат материалдары сараланады. Мақалада алынған тұжырымдар айтысты тек фольклортанулық нысан емес, ұлттық діни сананы реттейтін құрал ретінде қарастыруға мүмкіндік береді және дін мен мәдениет, дәстүр мен жаңашылдық тоғысындағы зерттеулерге үлес қосады.

Түйін сөздер: айтыс, дін, дискурс, имандылық, құндылық, қоғамдық сана, мәдениет.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Жұбанышов А.Ш.
akniet.zhubanyshov@gmail.com

Сілтеме: Жұбанышов А.Ш., Каупенбаева С.М., Мадалиева Ж.Қ., Жаркимбаева Д.Б. Қазақ айтысындағы «дін» дискурсы: қоғамдық сананы реттеудің мәдени-философиялық қырлары // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. № 1 (107). – Б. 178-189.

Религиозный дискурс в казахском айтысе: культурно-философские аспекты регуляции общественного сознания

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению религиозного дискурса в казахском айтысе как культурно-философского основания регулирования общественного сознания. Показано, что в текстах как классических, так и современных айтысов религиозная проблематика проявляется через религиозные загадки, шариатские вопросно-ответные диалоги, аргументацию, опирающуюся на аяты Корана и хадисы, а также через назидательные строфы, призывающие к вере и нравственности. Несмотря на наличие работ, посвящённых религиозному айтысу, религиозным загадкам и идеологической функции айтыса, до сих пор системно не рассмотрено, каким образом религиозный дискурс именно в айтысной поэзии, очерчивая границы «правильного – неправильного», «халал – харам», участвует в регулировании общественного сознания. С целью восполнения данного пробела в статье проводится текстовый, дискурсивный и герменевтический анализ айтысов Шөже-Кемпірбай, Қабылиса-Таутан, Жүсіпбекқожа -Уәзипа, а также ряда айтыс-текстов периода независимости. Дополнительно осуществляется контент-анализ строф из различных айтысов и рассматриваются материалы глубинных интервью с десятью современными айтыскер-ақынами. Сделанные выводы позволяют трактовать айтыс не только как объект фольклористики, но и как инструмент регулирования национального религиозного сознания, а также вносят вклад в исследование на стыке религии и культуры, традиции и модернизации.

Ключевые слова: айтыс, религия, дискурс, нравственность, ценности, общественное сознание, культура.

Religious discourse in Kazakh aitys: cultural-philosophical dimensions of regulating public consciousness

Abstract. This article examines religious discourse in Kazakh aitys as a cultural-philosophical foundation for regulating public consciousness. It demonstrates that in both classical and contemporary aitys texts, religion emerges through religious riddles, sharia-based question-and-answer exchanges, arguments grounded in Quranic verses and hadiths, as well as didactic stanzas that call for piety and moral conduct. Although there are studies on religious aitys, religious riddles and the ideological functions of aitys, the specific ways in which «religion» as a discourse, articulated in aitys poetry, delineates the boundaries of «right-wrong» and «halal-haram» and thereby contributes to the regulation of public consciousness have not been systematically analysed. To address this gap,

the article undertakes textual, discourse and hermeneutic analysis of the aitys between Shozhe and Kempirbai, Qabylysa and Tautan, Jusipbekqoja and Uzazipa, as well as a number of aitys texts from the post-independence period. In addition, content analysis of stanzas drawn from different aitys is conducted, and in-depth interviews with ten contemporary aitys performers are examined. The findings make it possible to conceptualise aitys not only as an object of folklore studies, but also as an instrument for regulating national religious consciousness, thus contributing to broader debates at the intersection of religion and culture, tradition and modernity.

Key words: Aitys, Religion, Discourse, Piety, Values, Public Consciousness, Culture.

Kіpіcne

Қазақтың айтыс өнері бүгінде тек ақындардың сөз сайысы ғана емес, қоғамдағы саяси-әлеуметтік үдерістер, елдік пен бірлік, тәуелсіздік, тіл мен діл, моральдық-этикалық құндылықтар төңірегіндегі пікірталастар тоғысатын мәдени-коммуникативтік алаң ретінде орнықты. Осы кең ауқымдағы дискурста «дін» тақырыбы да үнемі назарда болып, әр тарихи кезеңде қоғамдық сұранысқа сай мазмұны жағынан трансформацияға ұшырап келеді. Бірде діни ұғымдар тікелей шарифат нормалары тұрғысынан сөз болып, бірде имандылық, адамгершілік, отбасылық жауапкершілік, жастар тәрбиесі сияқты құндылықтар арқылы астарлы түрде беріліп, айтыстың ішкі мазмұнын айқындайтын маңызды өлшемдердің біріне айналды.

Айтысқа қатысты зерттеулерде оның көркемдік-эстетикалық табиғаты, жанрлық ерекшелігі, поэтикалық тілі, сондай-ақ ағартушылық, тәрбиелік, идеологиялық қызметі жан-жақты қарастырылған. Осы тұрғыдан алғанда, Бұлдыбай Анарбай айтысты фольклор мен ауыз әдебиетінің, сонымен бірге жазба әдебиет дәстүрін бойына қатар сіңіріп, дамып отырған синкретті өнер ретінде сипаттайды [1]. Тәуелсіздік кезеңіндегі айтыстардың тақырыптық-көркемдік жағын арнайы талдаған зерттеулерде де қазіргі айтыстың өзекті әлеуметтік мәселелерді батыл көтеріп, көпшілікке ұсынылатын синкретті жанр ретінде бүгінгі күнге дейін қоғамдық пікірді жеткізуші маңызды құрал қызметін атқаратыны атап көрсетіледі [2]. Осы бағыттағы зерттеулердің бірі – Досанованың қазіргі айтыс өнерінің діни дискурс арқылы имандылық құндылықтарды таратудағы рөлін талдауға арналған еңбегі [3]. Зерттеуші айтысты тәрбиелік және мәдени-философиялық маңызы жоғары, діни-рухани сана-сезімді қалыптастыратын құрал ретінде қарастырады. Бұл өз кезегінде айтыстың мәдени-философиялық қызметін айшықтай түседі.

Сонымен қатар Н. Мурсалимова діни айтыстардың толыққанды зерттелмеуін кеңестік кезеңдегі идеологиялық шектеулермен байланыстырады. Ол айтыс классификацияларында «діни айтыс» түрі аталғанымен, бұл жанрды арнайы талдауға ресми түрде рұқсат етілмей, діни дискурс айтыс өнерінің көзден таса бөлігі болғандығын көрсетеді [4]. Бұл жайт дін дискурсын қоғамдық сананы реттеудің нысаны ретінде бейтараптандыруға ұмтылған атеистік саясаттың көрінісі ретінде түсіндірілсе, тәуелсіздік кезеңінде, керісінше, діни тақырыптағы айтыстардың қайта жанданып, жаңа идеологиялық жобалармен астаса бастауы дін дискурсының саяси-коммуникативтік әлеуетін айқын көрсетеді [5]. Осылайша айтыстағы діни дискурс кеңестік атеизмнен посткеңестік діни қайта өрлеуге дейінгі аралықта қоғамдық сананы реттеудің әртүрлі модельдерін бейнелейтін тарихи-идеялық өріс ретінде көрінеді.

Бұл тұрғыдан қазақ айтысын сырт көзбен талдаған шетелдік зерттеуші Эва-Мария Дюбюиссонның еңбектері де маңызды. Ол айтысты ұлт атынан айтылатын, билік пен халық арасындағы қатынастарды символикалық түрде талқылайтын қоғамдық пікір алаңы ретінде сипаттайды. Айтыстағы конфронтация мен диалогты ұлттық бірегейлікті қайта келісудің формасы ретінде түсіндіреді [6]. Демек, дін тақырыбы өрбитін айтыс сахнасы тек эстетикалық кеңістік емес, сонымен бірге құндылықтар мен нормаларды ашық пікірталас арқылы реттейтін қоғамдық-коммуникативтік механизм ретінде қарастырылуы мүмкін.

Ахмет Байтұрсынұлы айтыстың халық мінезін түзетудегі қуатты әлеуетін атап өтсе, кейінгі зерттеушілер айтысты ұлттық жад пен тарихи тәжірибені жеткізетін рухани институт ретінде сипаттайды [7]. Діни айтыс, діни жұмбақтар, Құран мен хадиске сүйенген уәждер жайлы еңбектерде де бұл мәтіндердің жанрлық, фольклорлық және діни-танымдық қырлары негізгі назарда болады. Алайда қазақ

айтысындағы «дін» дискурсының қоғамдық сананы реттеудің мәдени-философиялық механизмі ретінде қалай жұмыс істейтіні арнайы, жүйелі түрде талданған жоқ.

Осы мақала дәл осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат етеді. Зерттеуде қазақ айтысындағы «дін» дискурсы үш негізгі бағытта қарастырылады:

1. қарсыластың діни білімін, логикалық ойлауын сынауға бағытталған діни сұрақтар мен жұмбақтар;

2. Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне сүйене отырып уәж айту, қоғамдық құбылыстарды исламдық бағалау өлшемдері арқылы түсіндіру;

3. тыңдарманды имандылыққа, көркем мінезге, ізгілікке шақыратын уағыз-насихаттық сарындар.

Мақаланың негізгі міндеті – аталған құбылыстарды тек жанрлық не тақырыптық сипаттамамен шектеу емес, оларды діннің реттеуші қызметін поэтикалық формада жүзеге асыратын мәдени-философиялық тетік ретінде қарастыру. Осы тұрғыдан алғанда, айтыстағы «дін» дискурсы қоғамдық сананы қалыптастыру мен реттеудің символикалық алаңы ретінде түсіндіріледі. Айтыскер ақындар жыры арқылы «дұрыс» пен «бұрыстың», «адал» мен «арамның», «халал» мен «харамның» шекараларын көпшілік алдында қайта белгілейді.

Зерттеудің жаңалығы бірнеше қырынан көрінеді. Біріншіден, дәстүрлі айтыс мәтіндері мен қазіргі сахналық, телевизиялық айтыстар біртұтас дискурстық өріс ретінде қарастырылып, тарихи үлгілер мен бүгінгі поэтикалық тәжірибе арасындағы сабақтастық пен айырмашылық мәдени-философиялық тұрғыдан талданады. Екіншіден, мәтіндік және дискурстық талдаумен қатар, қазіргі айтыскер ақындармен жүргізілген тереңдетілген сұхбат материалдары енгізіліп, айтыскерлердің өздерінің «дін» тақырыбына қатысты пікірлері айтыс дискурсын ішінен түсіндіретін эмпириялық дереккөз ретінде қолданылады. Үшіншіден, мақалада «дін – құндылықтар кеңістігі», «айтыскер – насихатшы және көшбасшы», «айтыс – идеологиялық ресурс», «діни дискурс – реттеуші механизм» сияқты бөлімдер ұсынылып, қазақ айтысының заманауи мәдени-философиялық интерпретациясы жасалады.

Осылайша, «Қазақ айтысындағы «дін» дис-

курсы: қоғамдық сананы реттеудің мәдени-философиялық қырлары» атты зерттеу айтыс мәтіндерін тек әдебиеттанулық емес, мәдениеттанулық және философиялық қырынан кешенді қарастыра отырып, дін дискурсының айтыс кеңістігіндегі тарихи сабақтастығын, заманауи трансформациясын және қоғамдық сананы реттеудегі рөлін айқындауды көздейді.

Әдіснама

Зерттеу жұмысы сапалық әдіснамаға негізделді. Біріншіден, тарихи айтыс мәтіндеріне (Шөже-Кемпірбай, Қабылиса-Таутан, Жүсіпбекқожа-Уәзипа және т.б.) мәтіндік, дискурстық және герменевтикалық талдау жүргізілді. Бұл талдау діни сұрақтар мен жұмбақтар құрылымын, Құран мен хадиске сілтемелердің поэтикалық функциясын, уағыз-насихаттық шумақтардың семантикасын айқындауға мүмкіндік берді.

Екіншіден, әр түрлі айтыстардан алынған шумақтарға контент-талдау жасалды. Бұл кезеңдік салыстыру дәстүрлі «діни айтыс» пен бүгінгі діни дискурс арасындағы сабақтастық пен айырмашылықтарды көрсетуге жағдай тудырды.

Үшіншіден, қазіргі айтыскер ақындармен тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Сұхбатқа Алашқа танылған аға буын өкілі Алтынқұл Қасымбекова, «Алтын домбыраның» екі дүркін иегері Жандарбек Бұлғақов, «Алтын домбыра–2019» жеңімпазы Рүстем Қайыртайұлы, «Асыл Домбыра-2021» иегері Қазірет Бердіхан, сондай-ақ халықаралық және республикалық айтыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері – Асхат Қылышбеков, Қанат Мырзаханұлы, Сырым Әуезхан, Шұғайып Сезімхан, Біржан Байтуов, Алтынбек Ибрагимов сынды он ақын қатысты (1-кесте). Сұхбат сұрақтары айтыстың қоғамдық сананы қалыптастырудағы орны, «дін» тақырыбының ауқымы, уағыз-насихаттық мазмұнға көзқарас және діни сауат мәселесін қамтыды.

Негізгі бөлім

Айтыс – діни білім мен тапқырлықты сынау алаңы

Ахмет Байтұрсынов айтысты екі балуанның күресіне теңей отырып, айтыскер ақындардың

бірін-бірі аңдып-бағып, түрлі әдіс-амалдар арқылы қарсыласының осал тұсын табуға тырысатынын айтқан. Сондай-ақ айтыстың адамның, елдің, жұрттың келіссіз ғамалдарын, мінездерін айтып көрсету арқылы халықтың құлқын түзеуге зор пайдасы барын атап көрсетеді [7]. Демек, айтыс тек ақындардың сөз таласуы емес, қоғамдық мінез-құлықты реттейтін символикалық «айтыс-тартыс» алаңы ретінде де көрінеді. Осы орайда айтыскерлердің қарсыласын өлеңмен тосып ұстау, сөзбен жығу үшін қоятын сан алуан сұрақтарының ішінде дін тақырыбындағы сұрақтар ерекше маңызға ие. Олар қарсыласының діни білімі мен шариғаттан хабарының деңгейін, иман мен адамгершілікке қатысты ұстанымдарын сынау арқылы тыңдарман алдында оның рухани беделін бағамдатуға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде айтыстағы діни сұрақтар қою дәстүрі «дін» дискурсы арқылы қоғамдық сананы реттеудің маңызды мәдени-философиялық тетігіне айналады.

Көне айтыстарда дін тақырыбындағы сұрақтар ақындардың білімін, логикалық ойлауын және мәтіндік дәстүрді меңгеру деңгейін тексеретін ерекше поэтикалық әдіс ретінде жүйелі қолданылады. Соның айқын үлгілерінің бірі – Шөже мен Кемпірбай айтысы. Бұл айтыста Шөже ақын сандық астарға құрылған діни бағыттағы күрделі жұмбақ ұсынады. Оның жауабында намаздың орындалу тәртібі, Құранның құрылымы, исламның парызы, уәжіп секілді категориялары жатқан болатын. Ал Кемпірбайдың бұл жұмбаққа шариғат ұғымдарымен егжей-тегжейлі жауап беруі айтыс кеңістігінде исламдық білімнің айтыста маңызды символикалық капиталға айналғанын көрсетеді. Діни терминдерді, ритуалдық сандық мөлшерлерді дұрыс түсіндіру ақынның интеллектуалдық және рухани беделін күшейтеді.

Дегенмен айтыстың соңында Шөженің араб тіліндегі «От туры, минал бәйіні, илал ләйлі» тіркесіне құрылған сұрағына Кемпірбайдың қате жауап беруі діни дискурстың сыншыл қырын айқын білдіреді. Бір жағынан, Кемпірбай қарсыласын «Құдай сөзін өлеңге қостың» деп айыптау арқылы діни норманы қорғаушы рөлін иеленгісі келеді. Екінші жағынан, Шөженің Мұса пайғамбардың Тур тауына баруы мен Алладан төрт ауыз жауап

алуы жайындағы хикаяны тарқатып беруі оның мәтіндік дәстүрді терең меңгергенін көрсетеді. Соның нәтижесінде тыңдарман алдында діни сауаты жоғары, діни мәтіндерді еркін игерген Шөже сөз додасында жеңіске жетеді. Бұл мысал айтыс сахнасында дінге қатысты сұрақтар мен жауаптар жай көркем сөз ғана емес, халық үшін дұрыс сенім мен қате түсініктің шекарасын айқындайтын, қоғамдық сананы реттейтін мәдени-философиялық сүзгі қызметін атқаратынын дәлелдейді.

Айтыста ақындардың қарсыласына діни мазмұндағы жұмбақтар қоюы қазақ фольклорындағы діни жұмбақ дәстүрімен сабақтасып жатыр. М. Әуезов XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Бұхара, Ташкент, Түркістан, Қазан сияқты орталықтарда оқыған қазақ ақындарының жалпы ақындар айтысымен қатар діни айтысқа да қатысқанын айтады. Сонымен қатар ақындар діннен арнайы білім алуға ұмтылған. Әсіресе айтыста діни тақырыптағы жұмбақтарға тап болғанда жеңілмеу үшін шариғат негіздерін меңгеруге тырысқан. Діни айтыс – олардың діни білімін сынау алаңы [8]. Қазақ және ағылшын танымындағы діни жұмбақтарды талдаған Г. Кортабаева, Ж. Мұратбекова, Н. Кенжеғұлов діни сипаттағы жұмбақтар бір жағынан халық мәдениетінің даму тарихын, екінші жағынан дәстүрлі дүниетанымдық ерекшелікті бейнелейтінін атап өтеді [9]. Зерттеушілердің ойынша, жұмбақ – халықтың санасында сақталған ақпаратты сақтап, діннің тарихы мен мәдениеттегі орнын ықшам әрі көркем формада жеткізетін фольклорлық жанр. Осы тұрғыдан алғанда, айтыстағы діни сұрақтар қоюды діни жұмбақтар мен жұмбақ айтыс дәстүрінің жалғасы, сондай-ақ дін мен дүниетанымға қатысты білімді поэтикалық дискурс арқылы қоғамдық санаға сіңірудің мәдени негізі ретінде түсіндіруге болады.

Айтыстың бұл түрі екі ақынның сөз жарысынан гөрі бір-біріне кезекпен сұрақ қойып, жауап алуына негізделген діни-дидактикалық диалогқа көбірек ұқсайды. Қабылиса (Қабан жырау) мен Таутан қыздың айтысында Таутанның аспаннан түскен кітаптар туралы сұрағы исламдағы иман шарттарының бірі – Алладан келген кітаптарға сену талабын сахнаға шығарады. Ал Қабылиса Мұсаға түскен Тәуратты, Дәуітке берілген Забурды,

Исаға түскен Інжілді және соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.с.) түскен Құранды тізбектеп атай отырып, уәжін діни білімге сүйенген дәлел ретінде құрады. Бұл жауап – айтыс кеңістігінде кездейсоқ берілген мағлұмат емес, тыңдаушы көпшілікке иман негіздерін поэтикалық формада еске салу.

Осыған ұқсас құрылымды Таутан қыздың «бес өзен», «отыз екі дарақ», «он жеті жерде тоқтау» туралы жұмбағынан да көреміз. Қабылиса бұл бейнелерді бес уақыт намазға, оның он жеті парызына және намаздың сүннет-парыз жүйесіне балайды. Мұнда намазды ағып жатқан өзенге теңеу – діни мәтіндерді айтыс поэтикасында шығармашылық тұрғыда қайта игеру. Яғни ақын діни ілімді жай ғана қайталамайды, оны қазақтың поэтикалық образдарымен (өзен, сай, ағаш, бұтақ т.б.) ұштастыра отырып, тыңдаушы санасында «та-зартушы» рухани тәжірибе ретінде елестетеді.

Жүсіпбекқожа мен Уәзипа айтысында да діни мазмұндағы сұрақтар тек қарсыласты сөзден тосудың амалы емес, онтологиялық деңгейдегі түсініктерді (жұп-жалғыз, жаратылыс құрылымы, Жаратушының жалғыздығы, жәннат есіктері т.б.) талдаудың құралы ретінде көрінеді. Уәзипаның «дүниеде неше жұп бар?» деген сауалына Жүсіпбекқожаның «бір Құдайдан басқаның бәрі де жұп» деп жауап беруі исламдық дүниетанымдағы Жаратушы мен жаратылыс арасындағы түбегейлі айырмашылықты поэтикалық формада тұжырымдайды. Кейінгі жолдардағы «бір жалғыз – Жаппар Құдай», «егіз – күн мен ай», «көзде жоқ, көкіректегі сегіз – сегіз жәннат сарай» деген шешімдер де Құран аяттары мен хадиске сілтеме жасай отырып, тыңдаушының діни білімін толықтырады. Бұл жерде айтыс мәтіні «ақырет», «жәннат», «тозақ» туралы кәламдық ұғымдарды жүйелі трактат ретінде емес, жұмбақ шешу үдерісіндегі ұжымдық «ойлау тәжірибесі» ретінде ұсынады. Ал дұрыс жауап берген ақын тек эстетикалық тұрғыдан ғана емес, діни-эпистемологиялық бедел иесі ретінде де қабылданады.

Діни сұрақ-жауап айтыс поэтикасында тек тарихи үлгілерде ғана емес, ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасыр соңындағы айтыстарда да жалғасын табады. Меркідегі (1991) жыр додасында Айтмұхамбет Исақовтың Мұхамеджан Тазабековке мұсылманның бес парызы жайлы

сауал қоюы – дәл осы дәстүрдің қазіргі көрінісі. Мұхамеджанның бес парызды өлеңмен жүйелі атап шығуы, бір жағынан, қарсыласына берген нақты жауабы болса, екінші жағынан, теледидар мен көпшілік алдына жиналған қауым үшін «қысқаша шариғат сабағы» іспетті қызмет атқарады. Яғни діни білімді айтыс сахнасына шығару мұнда да қоғамдық сананы реттеудің мәдени механизмі ретінде көрінеді. Ақындар бір-бірін сынап қана қоймайды, сонымен қатар тыңдаушыға қандай сенім мен құлшылық үлгісінің дұрыс деп танылатынын көпшілік қатысатын поэтикалық рәсім арқылы көрсетеді.

Қазақ айтысында Құран мен хадистерге сүйеніп уәж айту дәстүрі

Жыраулар, жыршылар мен айтыс ақындарының шығармасында сөзді «Алланың атымен», «бисмиллә» деп бастап, содан кейін ғана негізгі тақырыпқа көшу – поэтикалық әдептің әрі діни сананың маңызды көрінісі. Әдебиеттанушы М. Мағауин классикалық Шығыс әдебиетінің осы дәстүрін сипаттай отырып, әрбір сөздің Алла атынан басталып, алдымен Хақ тағалаға мадақ, одан соң пайғамбарға салауат айтудың шарттылығы туралы жазады. Қазақ ақындарының да өлеңін «бисмилләсіз» бастамауын осы мәдени-діни әдеппен байланыстырады [10]. Қазақ арасында кең тараған «сөздің басы – бісміллә, бісмілләсіз іс қылма» деген нақыл да поэтикалық мәтіннің Алла атымен басталуын тек ритуалдық ұстаным емес, күнделікті іс-әрекеттің де құндылықтық өлшемі ретінде орнықтырғанын аңғартады.

Осы өнегелі тәжірибе айтыс поэтикасында нақты мәтіндік деңгейде көрініс табады. Мысалы, Кәрібай Таңатарұлы Әсет Найманбайұлымен айтыста:

«Алланың бір – Бісмілла – есімі, заты,

Пенденің Хаққа міндет ниғыматы», – деп сөз бастауы немесе Құдайберген Қайырланұлының Жаңылдықпен сөз сайысында:

«Өлеңде бісміллә айтпақ бұйрық жоқ,

Азырақ өлең айтсақ көңілім тоқ», – деуі Алла атын атауды кез келген көркем дискурстың алғы шарты ретінде танытады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазып алған Ұмысын қыз бен Заман қожаның айтысында Заман қожаның Алланың атымен, Мұхаммедтің үмбеті екендігін айта отырып амандасуы да айтыс кеңістігін кәдуілгі

тұрмыстық әңгімені емес, діни-өнегелік мазмұндағы сөз сайысын іске қосатын сакралды алаң ретінде айқындайды.

Бұл дәстүр кейінгі, телевизиялық және үлкен сахналық айтыстар дәуірінде де өз жалғасын тапқанын көреміз. Қазіргі айтыскерлер де сөзін «бісмилләдан» бастап, Алланы еске алу арқылы әрі өзінің мұсылмандық болмысын, әрі айтыстың қасиетті сөз кеңістігі екенін айқындайды. Мысалы, Жандарбек Бұлғақов:

«Бісмиллә деп айтысқа кірісті ұлың,

Шашсам деп сөзден алтын, күміс бүгін»,
– деп жыр жарысын Алла атымен ашады. Балғынбек Имашев:

«Бісмиллә, Алла құйсын санаға нұр!

Аллаға дана да құл, бала да құл», – деген жолдарымен «бісмилләні» ақындық шабыттың ғана емес, құлшылықтық ұстанымның да бастауы ретінде ұсынады. Ал Ринат Зайытов:

«Бісмиллә, тілегімді бер, Тағалам,

Тұлпардың туа біткен серті аламан», – деп Алладан жәрдем тілеп, айтысқа шығуды рухани сертпен сабақтастырады. Осындай мәтіндік мысалдар хронологиялық жағынан ертедегі жазба деректерден қазіргі телевизиялық деңгейдегі кең ауқымда «бісмилләмен» сөз бастау тәжірибесінің қазақ айтысында үзілмей сақталып, Құран мен хадиске сүйенген діни дискурсты поэтикалық деңгейде қабылдатады.

Құран аяттары мен хадистерден уәж келтірілген айтыстардың қатарында Әбубәкір Кердері Боранқұлұлы мен Қазақайдың ұлы Нұрым татар ақыны арасындағы сөз сайысы айрықша назар аударарлық. Жағалбайлы руының Мырзалы байының ауылында болған бұл айтыста Нұрым қазақтарды кемсіте сөйлеп, олардың өткенін «қаны төгіліп, харамға жолыққан» тарих ретінде сипаттайды да, «Қазақты бір рауаятта кәпір деген» деп, тұтас этносқа күмәнді діни дерекке сүйеніп ауыр айып тағады. Бұған жауап ретінде Әбубәкір Кердері:

Арқада аю менен барыс болар,
Араға шайтан кірсе, ұрыс болар.

«Кәпір деп мұсылманды діннен шықтың,

Байқасаң, мұның түбі бір іс болар», – деп қарсыласының сөзін исламдық тұрғыдан қауіпті, жауапкершілігі зор қадам ретінде бағалайды. Мұндағы түйінді тұжырым Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.): «Кімде-кім бауырына «Ей, кәпір!» десе, егер ол

адам шынында кәпір болмаса, онда бұл сөз айтқанның өзіне қайтады» деген мазмұндағы хадисімен астасып жатыр.

Қазақ айтысындағы уағыз-насихаттық сарындар

Қазақ айтыс өнеріндегі діни тақырыптардың бір көрінісі – уағыз-насихаттық сарындар. Бұл қай заманнан-ақ көрініс тауып келе жатыр. Айтыскер ақындар өз өлеңдері арқылы елді иманға, дінге шақыра білген. Бұқараға үгіт-насихат өлеңдерді жолдаған. Зерттеушілер «діни айтыс» деп аталатын айтыс жанрының негізгі мақсаты уағыз-насихаттық болған деседі. Ертеректегі үлгілерде ақындар тыңдаушыны діннің ашық талаптарына – намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру сияқты құлшылық рәсімдерін орындауға тікелей үндесе, уақыт өте келе бұл насихаттық формасы өзгеріп, адамгершілік, имандылық, ізгілік тәрізді ұғымдар арқылы астарлы түрде беріле бастайды. Осылайша діни дискурс айтыс кеңістігінде бірде ашық шарифат нормалары түрінде, бірде моральдық-этикалық астарлы мағыналар түрінде көрініп, халық санасына ықпал ететін рухани институт деңгейіне көтеріледі.

Өзі айтыскер ақын, әрі ақпараттық технология маманы Қанат Мырзаханұлы қазіргі ақпараттық қоғамның тілдік-символдық кодын діни насихатпен шебер сабақтастырады:

Құран болып құлаққа құйғаныңыз,
Пайғамбар хадисіне иланыңыз.
Жұмаққа жетсем деген арманы бар
Бәріміз бұл дүниенің мейманымыз.
Исламнан нәр алса исі қазақ
Көбейер иманды ұл мен ибалы қыз.
Адамды компьютермен салыстырып
Бар еді түйгеніміз жиғанымыз.
Қос қолды пернетақта деп алайық
Себебі жазу жазып ширадыңыз.
Адамның кім екенін көрсететін
Монитор ғой бет әлпет дидарымыз.
Барлық іс әрекетті басқаратын
Процессор емес пе миларымыз.
Игі істерден тежейтін нәпсімізді
Троян вирусы деп ұйғарыңыз.
Үздіксіз вирустармен күресетін
Антивирус емес пе иманымыз.

Бұл шумақта ақын алдымен діни дискурстың іргелі тіректері – Құран, хадис, ақырет ұғымдарын еске сала отырып, тыңдаушы

санасын исламдық дүниетаным аясында шектейді. Бұдан кейін ол діни-этикалық категорияларды (иман, нәпсі, адам болмысы) ақпараттық технология терминдерімен (пернетақта, монитор, процессор, «троян» вирусы, антивирус) салыстырады. Когнитивтік метафора тұрғысынан алғанда, бұл – абстрактылы рухани құбылыстарды (иман мен нәпсінің күресін) қазіргі адамның күнделікті тәжірибесіне барынша таныс техникалық нысандар арқылы түсіндіру амалы: қалай антивирус компьютерді вирустан қорғаса, иман да «троян» секілді нәпсілік «зиянкес күштерден» адамды қорғаушы рухани сүзгі ретінде бейнеленеді. Терминдердің барлығы (компьютер, монитор, антивирус, вирус) қазіргі қазақ қоғамының, әсіресе жастардың күнделікті қолданатын заттары мен ұғымдары болғандықтан, поэтикалық салыстыру кең аудиторияға тез ұғынылатын, қабылдауға жеңіл насихаттық формаға айналады.

Иман мен нәпсі қатынасын осылайша заманауи технология тілінде түсіндіру Шал ақын өлеңімен диахрондық сабақтастықта қарастырылғанда айқынырақ көрінеді:

Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,
Бөріге қой алдырмас ердің ері.
Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,
Жоламас ешбір пәле, шайтан-пері.

Шал ақын өз заманындағы аграрлық қоғамға тән әлем бейнесін (қой, қойшы, бөрі, малшы тұрмысы) пайдалана отырып, иман–ақыл–нәпсі арақатынасын тыңдаушыға

интуитивті түрде түсінікті модель арқылы тәпсірлеген. Мал шаруашылығын тіршілігінің өзегі еткен қауым үшін «қойды бөріден қорғаушы қойшы» метафорасы иманды сақтаудың мәнін айқын ашып берген. Бүгінгі таңда, керісінше, адамдарды телефонсыз, компьютерсіз, заманауи технологиясыз елестету қиын. Осы әлеуметтік-мәдени өзгерісті ескере отырып, Қанат Мырзаханұлы Шал ақынның «иманды қойға, нәпсіні бөріге» теңеген классикалық моделін қазіргі цифрлық мәдениеттің семиотикалық өрісіне аударады. Иманды – антивирусқа, нәпсіні – троян вирусына теңеу арқылы заманауи тыңдаушыға рухани күресті өзіне жақын, түсінікті бейнелермен ұғындырады.

Қазіргі айтыскер ақындардың «дін» дискурсына көзқарасы: эмпириялық зерттеу нәтижелері

Зерттеуіміз айтыскер ақындармен жүргізілген тереңдетілген сұхбатқа негізделді. Сұхбатқа Алашқа танылған аға буын өкілі Алтынкүл Қасымбековадан бастап, «Алтын домбыраның» екі дүркін иегері Жандарбек Бұлғақов, «Алтын домбыра–2019» жеңімпазы Рүстем Қайыртауұлы, халықаралық және республикалық айтыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Асхат Қылышбеков, Қанат Мырзаханұлы, Сырым Әуезхан, Шұғайып Сезімхан, Біржан Байтуов, Қазірет Бердіхан, Алтынбек Ибрагимов сынды он айтыскер қатысты (1-кесте).

1-кесте. Айтыскер ақындар жайлы ақпарат

№	Аты-жөні	Бітірген оқу орны, мамандығы	Айтыстағы тәжірибесі	Айтыста жиі қозғайтын тақырыбы
1	Алтынкүл Қасымбекова	М.Х.Дулати атындағы ТарМУ, Қазақ тілі әдебиет пәні мұғалімі	37 жыл	юмор, сатира
2	Рүстем Қайыртауұлы	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика	27 жыл	ұлттық құндылықтар
3	Жандарбек Бұлғақов	Л. Гумилев атындағы ЕҰУ, филология	23 жыл	қоғамдағы өзекті мәселелер
4	Біржан Байтуов	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, әлеуметтік жұмыс	23 жыл	саясат, дін
5	Асхат Қылышбек	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика	20 жыл	саяси-әлеуметтік мәселелер

6	Қанат Мырзаханұлы	Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, «Ақпараттық жүйелер» мамандығы	20 жылға жуық	қоғамдағы өзекті мәселелер
7	Алтынбек Ибрагимов	СДУ, филология	17 жыл	жастар тәрбиесі
8	Сырым Әуезхан	Еуразия гуманитарлық институты, Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	15 жыл	дін
9	Шұғайып Сезімхан	Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, журналистика	15 жылға жуық	жемқорлық
10	Қазірет Бердіхан	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, физика	11 жыл	білім

1-кесте айтыскерлердің бітірген оқу орны, мамандығы, айтыстағы тәжірибесі және жиі қозғайтын тақырыптары жөніндегі қысқаша мәліметті жүйелейді. Сауалнамаға қатысқан ақындардың басым көпшілігі филология және журналистика салаларының түлектері, бір ақын – ақпараттық технологиялар маманы (Қанат Мырзаханұлы), тағы бірі – физика мамандығының иесі (Қазірет Бердіхан). Бұл дерек айтыскерлердің айтар ойы көбіне гуманитарлық даярлыққа сүйенетінін, сондай-ақ техникалық және жаратылыстану салаларынан да өкілдер бар екенін көрсетеді. Мұның өзі қазіргі айтыс дискурсының тек дәстүрлі филологиялық ортаға ғана емес, кеңірек кәсіби өріске таралғанын аңғартады.

Айтыскерлердің айтыстағы тәжірибесі 11 жылдан 37 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Яғни зерттеуге тартылған респонденттер айтыс сахнасында жаңа ғана көрінген жас ақындар емес, көпшілігі – бірнеше онжылдық сахналық тәжірибесі бар кәсіби ақындар. «Айтысқа шыққаныңызға қанша жыл болды?» деген сұраққа жауаптар 11–37 жыл аралығында өзгеруі айтыскерлер пікірін қазіргі айтыс кеңістігін ұзақ уақыт бойы ішінен бақылаған субъектілердің бағасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

«Айтыста қандай тақырыптар елдің қызығушылығын тудырады?» деген сұраққа берілген жауаптарды талдау нәтижесі бойынша, респонденттердің басым бөлігі тыңдарман сұранысының негізгі өзегін юмор-сатира, саяси-әлеуметтік мәселелер, ұлттық құндылықтар, тіл мен діл, дін, жастар тәрбиесі,

жемқорлық, білім сияқты тақырыптар құрайтынын атап өтті. Бұл айтыстың әлі де болса қоғамдық өмірдің ең өзекті мәселелерін талқылайтын символикалық алаң ретіндегі мәртебесінің сақталып отырғанын дәлелдейді.

Өздерінің жеке шығармашылық бағдарын бағалау мақсатында қойылған «Өзіңіз әр айтыста қандай тақырыптарды жиі қозғайсыз?» деген сұраққа ақындар саяси-әлеуметтік проблемалар, ұлт пен тіл тағдыры, дін, руханият, адамгершілік, ұлттық құндылықтар мен жастар тәрбиесі сияқты бағыттарды ерекше атады. Респонденттердің барлығы дерлік әр айтыста рухани-адамгершілік мазмұндағы шумақтардың міндетті түрде болатындығын, бұл тақырыптардың айтыстың ішкі поэтикалық нормасына айналғанын атап көрсетті.

Айтыс – қоғамдық сананы қалыптастыру мен идеологиялық ықпал алаңы ретінде

Тереңдетілген сұхбат нәтижелері айтыскерлердің айтыстың қоғамдық сананы қалыптастырудағы орнына жоғары баға беретінін көрсетті. «Айтыстың қоғамдық сананы қалыптастырудағы орнын қалай бағалайсыз?» деген сұраққа ақындардың көпшілігі «жоғары» деген жауап қайтарды. Сонымен бірге олардың бірқатары айтыстың идеологиялық қуатының әр кезеңде әртүрлі деңгейде іске асқанын атап өтеді. Мәселен, Жандарбек Бұлғақов кеңестік және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы айтыс пен бүгінгі айтысты салыстыра отырып, бұрын айтыстың белгілі бір идеологияны

насихаттаудағы рөлі айқын болғанын, ақын сөзі қоғамда кең резонанс туғызып, бұқаралық ақпарат құралдарында арнайы талданатынын еске салады. Оның пікірінше, қазіргі кезеңде айтыстың миссиясы өзгеріп, ол көбіне «билік пен халық арасындағы шиеленіскен мәселені талқылаудың» алаңына айналған, ал саяси мәтіндер кейде терең талдаудан гөрі ұйқас қуалауға бейімделіп кеткен. Асхат Қылышбеков те айтыстың үлкен идеологиялық әлеуетке ие екенін мойындай отырып, соңғы жылдары тұрақты насихаттың азаюы мен түрлі институционалдық кедергілерге байланысты оның қоғамдық статусында әлсіреу белгілері байқалатынын айтады.

«Мемлекеттік органдар айтысты идеология құралы ретінде пайдалана ала ма?» деген сауалға жауап ретінде ақындар бірауыздан «иә» деп жауап берді. Шұғайып Сезімхан кеңес дәуірінде Жамбыл Жабаетың жыры арқылы кеңестік идеологияның қазақ даласында кеңінен таралғанын еске түсіре отырып, айтыстың әлеуетін толық пайдалану қазіргі билік тарапынан жүйелі деңгейде жүзеге аспағанын алға тартады. Қанат Мырзаханұлы да Жамбыл феноменіне тоқталып, айтыстың «теңдесі жоқ идеологиялық қару» екендігін, алайда тәуелсіздік жағдайында оның мүмкіндіктері толық іске қосылмай отырғанын атап өтеді.

Тарихи деректермен сабақтастыра қарағанда, бұл пікірлер ХХ ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлының айтысты елдің мінез-құлқын түзетудің қуатты құралы ретінде бағалаған тұжырымдарымен [7] үндес келеді. Айтыскерлердің қазіргі көзқарасы, бір жағынан, дәстүрлі функцияның жалғасып жатқанын, екінші жағынан, айтыстың институционалдық қолдауы мен медиа кеңістіктегі орнының өзгергенін көрсетеді.

Айтыскер ақын – насихатшы, көшбасшы, идеолог

«Айтыскер ақын қоғамда артына көпшілікті ерте алатын, топ бастайтын көшбасшы бола ала ма?» деген сұраққа респонденттердің барлығы дерлік «бола алады» деп жауап берді. Сұхбат барысында олар Мұхаммеджан Тазабеков, Ринат Зайытов, Балғынбек Имашев сынды ақындардың төңірегінде қалыптасқан тыңдарман қауымын, әлеуметтік желідегі және сахнадағы ықпалын мысалға келтіреді.

Алтынкүл Қасымбекова айтыскердің көпшілік алдында ашық сөйлей алу қабілеті, халықтың шынайы сөзге деген сұранысы ақынды табиғи түрде көшбасшылық позицияға шығаратынын айтады. Шұғайып Сезімхан да жаугершілік кезеңдегі жыраулардың ханға кеңесші, қолға рух беруші болғанын еске алып, бүгінгі айтыскерлерді сол дәстүрдің жалғасы ретінде сипаттайды. Ақындар қару ұстамаса да, сөз арқылы елді ұйытып, белгілі бір бағытқа жұмылдыра алатынын айтты.

Бұл тұжырымдар айтыскердің рөлі тек поэтикалық орындаушымен шектелмей, насихатшы, идеолог, кей жағдайда қоғамдық көшбасшы ретінде де қабылданатынын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, айтыста «дін» дискурсының болуы – айтыскердің қоғамдық сананы реттеуге бағытталған қызметінің маңызды құрамдас бөлігі.

«Дін» тақырыбы: имандылық, тәрбие, құндылықтар кеңістігі ретінде

Зерттеудің маңызды сұрақтарының бірі – айтыскерлердің «дін» тақырыбын қалай түсінетіні болды. «Айтыста «дін» тақырыбы аясында қандай мәселелер қозғалуы тиіс?» деген сауалға ақындардың барлығы дерлік имандылық, адамгершілік, тәрбие, отбасылық құндылықтар, үлкенді сыйлау, әдеп, мейірім, жомарттық сияқты ұғымдардың барлығы «дін» тақырыбының ауқымына кіреді деп жауап берді.

Рүстем Қайыртауұлы дін мен дәстүрді қос бұрымдай қатар алып жүру қажет екенін айта отырып, арнайы діни білімсіз күрделі теологиялық мәселелерге бармау керектігін ескертеді. Дегенмен ата-анаға құрмет, адамшылыққа шақыру, жақсылық пен жамандықты айыру сияқты құндылықтарды аят-хадис негізінде қазақылап айту айтыскер үшін заңды насихат алаңы деп есептейді. Жандарбек Бұлғақов діннің қазіргі қоғамда мейірім, бауырмалдық, туыстық қатынас, көркем мінез сияқты жетіспей жатқан құндылықтарды қайта жаңғыртудағы рөлін атап өтіп, дәл осы құндылықтарды насихаттайтын шумақтардың айтыста көбірек болуы қажеттігін алға тартады.

Шұғайып Сезімхан қазіргі Қазақстандағы діни ала-құлалықты, түрлі ағымдардың көбеюін сөз ете келе, айтыскерлердің міндеті

– халықты дәстүрлі діни арнаға, ата-баба жолына шақыру деп санайды. Ал Алтынқұл Қасымбекова айтыскерді дін таратушы емес, бірақ қазақы имандылық этикасын жыр арқылы жеткізуші, әсіресе қыз тәрбиесі, арнамыс, ата-анаға құрмет сияқты мәселелерді көтеруші тұлға ретінде сипаттайды.

Бұл жауаптар айтыскерлер үшін «дін» – ең алдымен құндылықтық кеңістік, яғни имандылық пен адамгершілікті бейнелейтін ұғымдар жиынтығы екенін көрсетеді. Теологиялық даулар мен догматикалық мәселелерден гөрі олар «дін» дискурсын әлеуметтік-этикалық мазмұнда, қоғамдық мінез-құлықты реттеуші жүйе ретінде қабылдайды.

Уағыз-насихаттық айтыс және діни сауат мәселесі

«Айтыста ақындардың уағыз-насихаттық сарында сөз қозғауына көзқарасыңыз қандай?» деген сауалға респонденттердің барлығы жалпы оң баға берді. Асхат Қылышбеков «ақындықтағы негізгі міндеттің бірі – насихат» деп есептесе, Сырым Әуезхан «уағыз айту үшін сөзде білім мен істі сәйкестендіру» керектігін атап өтеді. Жандарбек Бұлғақов тарихи «діни айтыс» дәстүрін, жұмбақ айтыс ішіндегі шариғи сұрақ-жауап үлгілерін еске алып, бүгінгі таңда осы арнаның ұмытылып бара жатқанын қынжыла айтады. Оның пікірінше, бірлік, мейірім, көркем мінезді насихаттайтын кез келген шумақты уағыз ретінде қарастыруға болады, ал ақынды белгілі бір ағымның мүшесі деп жалаң айыптау – діннің әлеуметтік рөлін тар шеңберге сыйдырып жіберу.

Сонымен қатар ақын Рүстем Қайыртаулы діни насихаттың жауапкершілігіне назар аударады. Теологиялық деңгейдегі күрделі тақырыптарды арнайы діни білімі жоқ жас ақынның жырлауы тыңдарманды адастыру қаупін тудыратынын, сондықтан «үлкен тақырыпқа үлкен білім керектігін» ескертеді. Бұл пікір дін дискурсын айтыс кеңістігіне шығаруда діни сауат пен жауапкершілік мәселесінің өткір тұрғанын айқын көрсетеді.

Осылайша тереңдетілген сұхбат нәтижелері айтыскерлердің басым көпшілігі айтыста уағыз-насихаттық мазмұнның болуын құптайтынын, бірақ оның экстремалдық, ағымдық сипатқа ұласпауын, имандылық пен адамгершілікті

дәріптейтін құндылықтар деңгейінде қалғанын жөн санайтынын көрсетті.

«Дін» дискурсы және айтыстың реттеушілік қызметі

Жүргізілген сауалнама мен тереңдетілген сұхбат материалдарын талдау айтыстың бүгінгі таңда да қоғамдық сананы реттейтін мәдени институт ретіндегі маңызын жоғалтпағанын көрсетеді. Айтыскер ақындар өзін тыңдаушыға ықпал ете алатын насихатшы, қажет жағдайда топты соңынан ерте алатын көшбасшы және белгілі бір идеологиялық бағдардың өкілі ретінде сезінеді.

Ақындар түсінігіндегі «дін» дискурсы тар мағынадағы шеңбермен шектелмейді. Керісінше, ол имандылық, адамгершілік, отбасылық жауапкершілік, жастар тәрбиесі, әділеттілік, отаншылдық сияқты қоғам үшін іргелі құндылықтарды қамтитын кең өрісті ұғым ретінде түсіндіріледі. Айтыстағы уағыз-насихаттық шумақтар – діннің реттеуші қызметінің поэтикалық формада жалғасуы.

Дін қалай қоғамдық нормалар жүйесін қалыптастырып, жақсы мен жаманды, адал мен арамды, халал мен харамды айырып берсе, айтыскер ақындар да көпшілік алдында жыр арқылы «не дұрыс, не бұрыс» екеніне қатысты бағалау ұсынады. Бұл тұрғыдан қарағанда, айтыстағы «дін» тақырыбы қоғамдық сананы реттеу функциясының поэтикалық көрінісі болып табылады: ақындар жыры арқылы адамдар арасындағы қатынастарды, тіпті халық пен билік арасындағы диалогты реттеуге үлес қосуға тырысады.

Осылайша, қазақ айтысындағы «дін» дискурсы – бір жағынан, тарихи «діни айтыс», діни жұмбақ, Құран мен хадиске сүйенген уәж айту дәстүрінің қазіргі жалғасы болса, екінші жағынан, заманауи қоғамдағы рухани дағдарыстарға жауап ретінде қайта жанданған мәдени-философиялық құбылыс.

Қорытынды

Бұл мақалада қазақ айтысындағы «дін» дискурсы қоғамдық сананы реттеудің мәдени-философиялық механизмі ретінде қарастырылды. Көне айтыс үлгілері мен тәуелсіздік кезеңіндегі айтыс мәтіндерін, сондай-ақ қазіргі айтыскерлердің сұхбатқа

жауаптарымен қатар қамтыған талдау нәтижесінде айтыс кеңістігінде дін тек жеке тақырып немесе поэтикалық мотив емес, құндылықтар жүйесін бекітіп, «дұрыс–бұрыс», «халал–харам» шекараларын көпшілік алдында қайта белгілейтін символикалық алаң екені анықталды.

Зерттеудің мәтіндік және дискурстық бөлімі айтыстағы діни сұрақтар мен жұмбақтардың, Құран аяттары мен хадистерге сүйенген уәждердің, сондай-ақ уағыз-насихаттық шумақтардың тарихи сабақтастығын көрсетті. Шөже-Кемпірбай, Қабылиса-Таутан, Жүсіпбекқожа-Уәзипа сияқты айтыстардағы діни мазмұн бір мезгілде ақынның білімін сынау амалы, тыңдарманның діни сауатын толықтыратын сабақ және дұрыс сенім мен қате түсініктің шекарасын айқындайтын рухани сүзгі қызметін атқаратыны байқалды. Бұл дәстүр қазіргі сахналық және телевизиялық айтыстарда да сақталып, діни ұғымдар заманауи метафоралармен (ақпараттық технология, медиа кеңістік т.б.) ұштасып, бүгінгі аудиторияға жақын тілде түсіндіріледі.

Он айтыскер ақынмен жүргізілген тереңдетілген сұхбаттар айтыстың қоғамдық сананы қалыптастыру мен реттеудегі қазіргі рөліне қатысты ішкі көзқарасты ашып берді. Респонденттер айтысты насихат құралы, құндылықтар жөніндегі ашық диалог алаңы және белгілі бір деңгейде идеологиялық ресурс ретінде қабылдайтынын көрсетті. «Дін» тақырыбы олардың түсінігінде тек догматикалық не ағымдық шеңбермен шектелмей, имандылық, адамгершілік, отбасылық жауапкершілік, әділеттілік, ұлт пен тіл тағдыры сияқты кең құндылықтар кеңістігін қамтиды. Сонымен қатар ақындар діни насихаттың жоғары жауапкершілігін, теологиялық күрделі мәселелерде діни сауаттың маңызын ерекше атап өтеді.

Теориялық тұрғыдан алғанда, зерттеу қазақ айтысын фольклорлық жанр ғана емес, ұлттық діни сананы реттеуші мәдени институт ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. «Дін – құндылықтар кеңістігі», «айтыскер – насихатшы және көшбасшы», «айтыс – идеологиялық ресурс», «діни дискурс – реттеуші механизм» сияқты ұғымдық бөлімдер айтыс поэтикасы мен қазіргі қоғамдық процестер арасындағы байланысты жаңа қырынан түсіндіреді. Айтыс

сахнасында дін дискурсы арқылы қоғамдағы құндылықтық бағдарлар талқыланып, халық пен билік, дәстүр мен модернизация, дін мен зайырлылық арасындағы шиеленістер поэтикалық формада қайта қаралады.

Жалпы алғанда, қазақ айтысындағы «дін» дискурсын мәдени-философиялық қырынан қарастыру айтысты ұлттық діни сананы бейнелеу ғана емес, оны қалыптастыру мен реттеуге ықпал ететін күрделі коммуникативтік кеңістік ретінде тануға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде дін мен мәдениет, дәстүр мен жаңашылдық, өнер мен идеология тоғысындағы отандық гуманитарлық зерттеулер өрісін кеңейтуге үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бұлдыбай, А. Ақындар айтысының типологиясы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – №3 (133). – Б. 157–159.
- 2.Тлеубердина Г. Т., Берікбол Т., Бөкен Г. С., Каналина Г. М. Қазіргі айтыстың тақырыптық және көркемдік ерекшеліктері // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия. 2024. - № 3. – Б. 390–404.
- 3 Досанова К. Айтыс және имандылық // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – № 2(136). – Б. 187–190.
- 4 Mursalimova N.; Oralbek A.; Aça M. Kazak halkının aitys sanati // Motif Akademi Halkbilimi Dergisi. – 2022. – Cilt 15, Sayı 38. – S. 469–480.
- 5 Mursalimova N.; Aça M. Kazak akınlarının aytyslarında dini değerler // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi. – 2025. – №113. – Б. 247–266.
- 6 Dubuisson, E.-M. Confrontation in and Through the Nation in Kazakh Aitys Poetry // Journal of Linguistic Anthropology. – 2010. – Vol. 20, № 1. – P. 101–115.
- 7 Байтұрсынов, А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер / А. Байтұрсынов. – Алматы : Атамұра, 2003. – 208 б.
- 8 Керім Ш. Қазақ жұмбағы. – Алматы : Арыс, 2007. – Б. 272.
- 9 Кортабаева Г.; Мұратбекова Ж.; Кенжеғұлов, Н. Қазақ және ағылшын танымындағы діни жұмбақтарды интерпретациялау // Хабаршы. Дінтану сериясы. – 2023. – №3 (35). – Б. 77–86.
- 10 Мағауин, М. Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары: монография. – Алматы : Атамұра, 2006. – Б. 264.

Transliteration

- 1 Buldybai A. Akyndar aitysynyn tipologijasy [Typology of poets' aitys] // Al-Farabi atyndagy KazUU Habarshysy. Filologija serijasy. – 2011. – N 3(133). – B. 157–159. (in Kaz)
- 2 Tleuberdinga G. T., Berikbol T., Boken G. S., Kana-lina G. M. Kazirgi aitystyn takyryptyk zhane korkemdik

ereshelikleri [Thematic and artistic features of contemporary aitys] // *Torajgyrov universitetinin Habarshysy. Filologijalyk serijasy.* – 2024. – N 3. – B. 390–404. (in Kaz)

3 Dosanova K. Aitys zhane imandylyk [Aitys and morality] // *Al-Farabi atyndagy KazUU Habarshysy. Filologija serijasy.* – 2012. – N 2(136). – B. 187–190. (in Kaz)

4 Mursalimova N., Oralbek A., Aça M. Kazak halkınin aitys sanatı [The art of aitys of the Kazakh people] // *Motif Akademi Halkbilimi Dergisi.* – 2022. – Cilt 15. – Sayı 38. – S. 469–480. (in Turk)

5 Mursalimova N., Aça M. Kazak akınlarının aytislarında dinî deęerler [Religious values in the aitys of Kazakh akyns] // *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi.* – 2025. – N 113. – B. 247–266. (in Turk)

6 Dubuisson E.-M. Confrontation in and Through the Nation in Kazakh Aitys Poetry // *Journal of Linguistic*

Anthropology. – 2010. – Vol. 20. – N 1. – P. 101–115.

7 Baitursynov A. Adebiet tanytkysh: zertteu men olender [Literary Studies: research and poems]. – Almaty: Atamura, 2003. – 208 b. (in Kaz)

8 Kerim Sh. Kazak zhumbagy [Kazakh riddle]. – Almaty: Arys, 2007. – B. 272. (in Kaz)

9 Kortabaeva G., Muratbekova Zh., Kenzhegulov N. Kazak zhane agylyshyn tanymyndagy dini zhumbaktardy interpretacijalau [Interpretation of religious riddles in Kazakh and English cognition] // *Habarshy. Dintanu serijasy.* – 2023. – N 3(35). – B. 77–86. (in Kaz)

10 Magauin M. Kobyz saryny. XV–XVIII gasyrlarda zhasagan kazak akyn, zhyraulary: monografija [Kobyz melody. Kazakh poets and zhyrau of the 15th–18th centuries: monograph]. – Almaty: Atamura, 2006. – B. 264. (in Kaz)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

<i>Ақниет Шынбергенұлы Жұбанышов</i>	PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: akniet.zhubanyshov@gmail.com, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0002-5302-3364
<i>Самал Мухаметалиқызы Каупенбаева</i>	аға оқытушы, PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: Samal.Kaupenbaeva2@kaznu.edu.kz, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-2435-6912
<i>Жаңыл Қайыржанқызы Мадалиева</i>	философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, email: zhanna_madalieva@mail.ru, ORCID идентификаторы: https://orcid.org/0000-0002-3050-4301
<i>Дана Бактубаевна Жаркимбаева</i>	аға оқытушы, PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: Dana_3691@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-9814-1340
<i>Ақниет Шынбергенович Жубанышов</i>	PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: akniet.zhubanyshov@gmail.com, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0002-5302-3364
<i>Самал Мухаметалиевна Каупенбаева</i>	старший преподаватель, PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: Samal.Kaupenbaeva2@kaznu.edu.kz, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-2435-6912
<i>Жаныл Кайржановна Мадалиева</i>	кандидат философских наук, ассоциированный профессор, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, email: zhanna_madalieva@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-3050-4301
<i>Дана Бактубаевна Жаркимбаева</i>	старший преподаватель, PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: Dana_3691@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-9814-1340
<i>Akniet Zhubanyshov</i>	PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: akniet.zhubanyshov@gmail.com, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0002-5302-3364
<i>Samal Kaupenbaeva</i>	Senior Lecturer, PhD Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: Samal.Kaupenbaeva2@kaznu.edu.kz, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-2435-6912
<i>Zhanyl Madalieva</i>	Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan, email: zhanna_madalieva@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-3050-4301
<i>Dana Zharkimbayeva</i>	Senior Lecturer, PhD Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: Dana_3691@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-9814-1340